

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТЫ**

30 қаңтар 2021

№: AIFC-C/CFI/2021/0002 ic

UNICORN CROPS LIMITED

Талапкер

және

«ZEREN BIDAI GROUP» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

1. Сот Жауапкердің Талапкермен бірігуін көздейтін ұсынылып отырған қайта конструкциялау механизмін АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентінің 124-бабына сәйкес санкциялайды.
2. АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентінің 126-бабына сәйкес Сот Жауапкердің Талапкермен олардың арасындағы 2020 жылғы 21 желтоқсандағы Бірігу туралы шарттың негізінде бірігуі туралы бұйрық шығарады.

ШЕШІМ

1. 2021 жылғы 21 қаңтарда берілген және 2021 жылғы 28 қаңтарда өзгертілген түрде қайта берілген өтініште, өтініш беруші Unicorn Crops Limited («Компания») (а) АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентінің 124-тарауына сәйкес Компания мен оның 100% акционері Unicorn Holdings Limited («Акционер») арасында ұсынылған, Zeren Bidai Group жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің («ЖШС») Компаниямен бірігуі кіретін қайта конструкциялау туралы келісімді санкциялайтын бұйрықты және (б) АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентінің 126 бабына сәйкес ЖШС-ның Компаниямен бірігуін қолданысқа енгізетін бұйрықты сұрайды.
2. Компания «Астана» халықаралық қаржы орталығында тіркелген Жеке Компания және АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентінің мәні бойынша «Компания» болып табылады (осы Регламентке 1-қосымшаның 4-тармағындағы анықтаманы қараңыз). Акционер де Жеке Компания болып табылады. ЖШС АХҚО-дан тысқары тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін заңды тұлға болып табылады.
3. ЖШС өтініш бойынша жауапкер ретінде көрсетілген, алайда өтініш дауланбайды.
4. Мәліметтердің шынайылығы туралы пікірмен нығайтылған, Компанияның уәкілетті заңгерлік өкілі Шыңғыс Бейбітұлы Оралбаев қол қойған өтініште, Акционердің ЖШС-ны Компаниямен біріктіру туралы шешім қабылдағаны және Компания ЖШС-мен бірігу туралы шешім қабылдағаны көрсетіледі, бұл әрбір нақты жағдайда жиналыстардың тиісті хаттамаларымен және шешімдермен расталған. Одан әрі ЖШС-ның жалғыз құрылтайшысы бола отырып, Компания қайта құрылымдау және бірігу, кредиторларға хабарлау және бірігумен байланысты ЖШС қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы шешім қабылдағаны көрсетіледі. Өтінішті қолдау үшін берілген құжаттарға (а) Компанияның 2020 жылғы 2 қазандағы Модельдік Жарғысы, (б) Компания мен ЖШС арасындағы 21 желтоқсандағы Бірігу туралы Шарт және (в) ЖШС кредиторларының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы екі хабарламасы кіреді.
5. Бірігу туралы Шартта Шарттың мәні Компанияға ЖШС-ның барлық құқықтары мен міндеттемелерін табыстаумен ЖШС-ның Компаниямен бірігуі болып табылады (1.1 т.). Тараптардың теңгерімдері бойынша негізгі деректер баяндалған (3-т.). Қайта ұйымдастыру процедурасы егжей-тегжейлі қарастырылған (4-т.). Қайта ұйымдастыру процесі аяқталған соң «[ЖШС-ның] уәкілетті органымен бекітілген табыстау актісіне сәйкес Жеке Компания [ЖШС-ның] барлық міндеттемелері бойынша [ЖШС-ның] құқықтық мирасқорына айналатыны» (5.1 т.) және қайта ұйымдастыру «Қазақстан Республикасының Ұлттық Бизнес-Сәйкестендіру Тізілімінен [ЖШС-ны] алып тастаумен аяқталатыны» көзделген (5.2 т.).
6. Мен жоғарыда баяндалған мәселелер Компания мен оның 100% Акционері арасында ұсынылған келісім болып табылатындықтан, бұл жағдайда АХҚО «Компаниялар туралы»

Регламентінің 124-тарауы қолданылатынына (124-тарау (1)(b)) қанағаттанамын.

7. Бұл ұсыныс бойынша дауыс беру үшін акционерлердің жиналысын өткізу туралы бұйрық шығару жөнінде Сотқа өтініштер (124-баптың 2-тармағы) келіп түскен жоқ және мен мұндай бұйрыққа қажеттілік жоқ деп санаймын, өйткені жиналыстың өткені және онда Акционер (Компанияның жалғыз құрылтайшысы болып табылатын) бұл ұсыныс туралы толық ақпараттың негізінде осы ұсыныстың пайдасына шешімді қабылдағаны туралы Сотқа ақпарат ұсынылды.
8. Сот бұл ұсынысқа қарсы қандай да бір наразылықтар туралы ақпараттандырылған жоқ. Бұдан басқа, бұл ұсыныс, көрініп тұрғандай, ЖШС-да бар міндеттемелерді жабу үшін бір қарағанда жеткілікті активтерге иелік ететін Компанияға ЖШС-ның барлық міндеттемелерін табыстау жолымен үшінші тараптардың жағдайын тиісінше түрде қорғайды.
9. Қалыптасқан жағдайларда мен ұсынылып отырған келісімді Соттың 124 (3) бапқа сәйкес санкциялағаны мақсатқа сәйкес деп санаймын.
10. 126-бапта егер 124-бапқа сәйкес Сотқа Компания мен оның акционерлері арасындағы келісімді санкциялау туралы өтініш берілсе, «Сот Компанияны қайта реконструкциялауды немесе Компанияның басқа кез келген Компаниямен бірігуін қоса, ... келісімге жәрдемдесу үшін өзі мақсатқа сай деп санаған кез келген бұйрықтарды шығара алады» деп қарастырылған. Одан әрі қарай онда «бұл тарауда Компания АХҚО-дан тысқары тіркелген Заңды Тұлғаға жатқызыла алады» деп қарастырылған.
11. ЖШС-ны Компаниямен біріктіру ұсынылып отырған келісімнің негізінде жатыр және, меніңше, бірігудің осы келісімді жеңілдету үшін өткені мақсатқа сай. АХҚО-дан тысқары тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысуымен бірігу тараудың тікелей тұжырымына сәйкеспейді, алайда бұл тұжырым жүзеге асырылуы мүмкін бірігу нысандарына қатысты түпкілікті болып табылмайды («... Компанияның кез келген басқа Компаниямен бірігуін қоса»). Мен бұйрықтың тиісті жағдайда Компанияның жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен бірігуіне неліктен таралмауы тиістігіне, сонымен қатар бұл тұрғыдан АХҚО-дан тысқары тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жағдайы АХҚО-дан тысқары тіркелген заңды тұлғаға қарағанда неліктен нашарлау болуы тиістігіне принциптік себептер көріп отырғаным жоқ.
12. Сонымен, мен 126-бапқа сәйкес ЖШС-ның Компаниямен олардың арасындағы 2020 жылғы 21 желтоқсандағы Бірігу туралы шартпен көзделген негізде қосылуы туралы Сот бұйрық шығаруы тиіс деген қорытындыға келемін.

Сот қабылдады,